

"Оқу-жаттығу процесі мен спорттық іс-шаралар кезеңінде спортшыларды, оның ішінде барлық санаттағы әскери қызметшілерді және құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлерін тамақтандыру және фармакологиялық қамтамасыз ету нормативтерінің әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 22 қарашадағы № 107 бұйрығына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрінің 2025 жылғы 31 шілдедегі № 150 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 4 тамызда № 36568 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Оқу-жаттығу процесі мен спорттық іс-шаралар кезеңінде спортшыларды, оның ішінде барлық санаттағы әскери қызметшілерді және құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлерін тамақтандыру және фармакологиялық қамтамасыз ету нормативтерінің әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2014 жылғы 22 қарашадағы № 107 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10005 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

осы бұйрықпен бекітілген Оқу-жаттығу процесі мен спорттық іс-шаралар кезеңінде спортшыларды, оның ішінде барлық санаттағы әскери қызметшілерді және құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлерін тамақтандыру және фармакологиялық қамтамасыз ету нормативтерінің әдістемесінде:

6-1-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"6-1. Осы Әдістемеге 1-қосымшаға сәйкес мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын дене шынықтыру-спорт ұйымдары оқу-жаттығу процестеріне және спорт іс-шараларына қатысатын спортшылардың тамақтану нормаларын белгілейді.";

12-1 және 12-2-тармақтар келесі редакцияда жазылсын:

"12-1. Осы Әдістемеге 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын дене шынықтыру-спорт ұйымдары оқу-жаттығу процестеріне және спорт іс-шараларына қатысатын спортшыларға арналған жедел кезек күттірмейтін қемек көрсету бойынша дәрілік заттарға, қалпына келтіру құралдарына, витаминдерге және белоктық-глюкозалық препараттарға, спорт бағытындағы биологиялық белсендерге қоспалар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарға шығыс нормаларын белгілейді.

12-2. Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын дене шынықтыру-спорт ұйымдары Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 18

мамырдағы № ҚР ДСМ-41 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 22782 болып тіркелген) бекітілген Қазақстандық ұлттық дәрілік формулярга сәйкес спорт іс-шараларына тартылатын медицина қызметкерлері арқылы оку-жаттығу процестеріне және спорт іс-шараларына қатысатын спортшыларға жедел кезек күттірмейтін көмек көрсету бойынша дәрілік заттармен қамтамасыз етіледі.";

мынадай мазмұндағы 12-3-тармақпен толықтырылсын:

"12-3. Мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын дене шынықтыру-спорт үйымдары осы Әдістемеге 3-қосымшамен көзделген спорт іс-шараларына тартылатын медицина қызметкерлері арқылы оку-жаттығу процестері мен спорт іс-шараларына қатысатын спортшыларға арналған қалпына келтіру заттары, витаминді, ақуыз-глюкозалы препараттар, спорт бағытындағы биологиялық белсенді қоспалар және медициналық мақсаттағы бұйымдар тізбесіне сәйкес қамтамасыз етіледі.";

көрсетілген Әдістемесіне 1-қосымшада:

ескертпе келесі редакцияда жазылсын:

"Ескертпе: тамақтану нормалары спорттағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттары, олимпиадалық резервтің мамандандырылған мектеп-интернат-колледждер, спорт колледждері бойынша, сондай-ақ Спортты дамыту дирекциясының, Дене мүмкіндіктері шектеулі тұлғаларға арналған спорттық даярау орталығының, Ұлттық және ат спорты түрлері орталығының штаттық ұлттық командаларының мүшелері - спортшылардың оку-жаттығу сабактары болмаған күндері осы Әдістеменің 1-қосымшасының 3-тармағына сәйкес қамтамасыз етіледі.

Тамақтану нормалары республикалық үйымдар бойынша ең жоғары шығыстар бойынша қамтамасыз етіледі.

Спортшылардың тамақтану нормалары олимпиадалық, олимпиадалық емес және ұлттық спорт түрлерімен ортақ атаулары бар паралимпиадалық, сурдлимпиадалық және паралимпиадалық емес спорт түрлеріне қолданылады.";

көрсетілген Әдістемесіне 2-қосымшада:

реттік нөмірі 4-жол келесі редакцияда жазылсын:

"

4.	<p>Халықаралық спорт жарыстарына дайындық, жалпы дене даярлығы бойынша халықаралық спорт жарыстары, оку-жаттығу жылдары, Қазақстан Республикасының ұлттық командалары үшін, кешенді тексерулер, арнайы жылдар.</p>	<p>1,5 айлық есептік көрсеткішке дейін</p>
----	--	--

";

көрсетілген Әдістемесіне 3-қосымша осы бұйрыққа қосымшага сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Спорт және дене шынықтыру істері комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінде интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрықта көзделген іс-шаралар орындалғаннан кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Заң қызметі департаментіне іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрінің орынбасарына жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
туризм және спорт министрі*

E. Мырзабосынов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Бас прокуратуrasesы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Қорғаныс министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Мемлекеттік күзет қызметі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Төтенше жағдайлар министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық қауіпсіздік комитеті

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ішкі істер министрлігі

*Қазақстан Республикасы
туризм және спорт*

министрі
2025 жылғы 31 шілдедегі
№ 150 бұйрығына
қосымша

Оку-жаттығу процесі мен
спорттық іс-шаралар кезеңінде
спортышыларды, оның ішінде
барлық санаттағы әскери
кызметшілерді және құқық
корғау және арнаулы
мемлекеттік органдардың
кызметкерлерін тамактандыру
және фармакологиялық
қамтамасыз ету нормативтерінің
әдістемесіне
3-қосымша

**Оку-жаттығу процестері мен спорт іс-шараларына қатысадын спортышыларға арналған
қалпына келтіру заттары, витаминді, акуыз-глюкозалы препараттар, спорт бағытындағы
биологиялық белсенді қоспалар және медициналық мақсаттағы бұйымдар ТІЗБЕСІ**

p/c №	Атауы
1. Базалық қамтамасыз ету құралдары	
1.1	Витаминді-минералдық кешендер (витаминдер, күрделі және аралас витаминді-минералдық кешендер, темір препараттары, жеке витаминдер және минералдар)
1.2	Адаптогендер және іс-қимылды жалпы нығайтатын заттар
1.3	Иммунокорректорлар (иммуномодуляторлар)
1.4	Антиоксиданттар
1.5	Антигипоксанттар, коферменттер
1.6	Микроайналымдарды реттеудің вазобелсенді құралдары және қан реологиясын, қаның үйіншілігін реттеу құралдары
1.7	Жүрек бұлышық етін қорғайтын заттар (кардиопротекторлар, кардиометаболиктер)
1.8	Бауыр жұмысын қорғайтын заттар (гепатопротекторлар, холеретиктер, холекинетиктер)
1.9	Байланыс-буын аппаратын және сүйек талшықтарын қорғау және қалпына келтіру заттары (хондропротекторлар, коллаген)
1.10	Энзимдер және ферменттер
1.11	Сыныптық қанықпаған майлы қышқылдар (Омега 3 – Омега 6 және фосфолипидтер – лецитин)
1.12	Пробиотиктер, пребиотиктер
2. Пластикалық бағыттылық заттары	

2.1	Протеинді коректену заттары (мамандандырылған клиникалық тамақтану, ақызы және көмірсүтегі қоспалары, протеиновые снектер және батончиктер, протеинді, ақызды және ақызды-көмірсүтекті сусындар)
2.2	Аминокислоттар (кешенді, ВСАА)
2.3	Ақызды және ақызды-көмірсүтекті сусындар
2.4	Анаболикалық тұра және жанама әрекетті рұқсат етілген заттар
3. Энергетикалық бағыттағы заттар	
3.1	Лактат-ацидоза реттеушісі және буферлі жүйені кеңейту заттары
3.2	Көмірсүтекті және липидті (майлы) алмасу заттары
3.2	Макроэргиялық және құрамында креатин бар заттар (фофоркеатин, фруктоза-1,6-дифосфат натрий тұзы, көліктік креатин, рибоза)
3.3	Аэробты шыдамдылықты және жұмыс қабілетін арттыратын заттар (ақ кристалды ұнтақ және изолимонды қышқыл, карнозин, Л-карнитин, коэнзим Q10, аргенинді таурин, цитруллин)
3.4	Көмірсүтегін жүктеу заттары және күш-куат шығынын шұғыл қалпына келтіретін заттар (гипотониктер, изотониктер, цитратты көмірсүтектер және бикарбонатты негіздер, жеңіл сінірлелін және ұзақ тізбекті көмірсүтектері, ақызды-көмірсүтекті сусындар, орташа ұзындықты тізбекті триглициеридтер)
3.5	Несепнәр деңгейін реттейтін заттар
3.6	Психофизиологиялық реакцияларды және энергетиканы ынталандырушы (гуарана, кофеин)
4. Мамандандырылған заттар	
4.1	Нестероидті қабынуға қарсы заттар
4.2	Ангиопротекторлар
4.3	Жүйке-психикалық мәртебені және ОЖЖ қорғауды реттейтін заттар (ноотроптар, нейропротекторлар, седативті препараттар)
4.4	Көздің көруін қалыпна келтіру заттары (каротиноидтер)
4.5	Антианемикалық препараттар
4.6	Су, электролиттік және негізгі-қышқылдық тенгерімді дұрыстау үшін қолданылатын ерітінділер
4.7	Бүректің микроайналымын жақсартатын уроантисептиктер және препараттар
5. Биологиялық белсенді қоспалар (ББҚ-тар)	
5.1	ББҚ-тар – бальзамдар, шайлар, жынтықтар
5.2	ББҚ-тар – ақыздар, аминокислоттар және олардың туындылары

5.3	ББҚ-тар – антиоксиданттар, антигипоксанттар
5.4	ББҚ-тар – гейнерлер, энергетиктер
5.5	ББҚ-тар – хондропротекторлар
5.6	ББҚ-тар – витаминді-минералдық кешендер, дәрумен тәэрізді заттар және коферменттер
5.7	ББҚ-тар – табиғи метаболиттер
5.8	ББҚ-тар – майлар, май тәріздес заттар және оның туындылары
5.9	ББҚ-тар – макро- және микроэлементтер
5.10	ББҚ-тар – полифенолді қоспалар
5.11	ББҚ-тар – пробиотиктер және пребиотиктер
5.12	ББҚ-тар – орман шаруашылығының өнімдері
5.13	ББҚ-тар – өсімдік, жануар, минералдық текті өнімдер
5.14	ББҚ-тар – көмірсулар және оларды қайта өндеу өнімдері, батончиктер және сусындар
5.15	ББҚ-тар – өсімдік, микробтекті ферменттер
5.16	Басқа ББҚ-тар

6. Жақпамайлар және майлар

6.1	Спортық массаж заттары
6.2	Сезіш жүйке нұктелері маңында әсер ететін заттар

7. Медициналық мақсаттағы бүйымдар мен химиялық реагенттер

7.1	Таңғыш дәке
7.2	Жеке орамадағы мақта
7.3	Лейкопластирь
7.4	Бактерицидті пластырь
7.5	Латексті заарсыздандырылмаған қолғаптар
7.6	Латексті заарсыздандырылған қолғаптар
7.7	Нитрилді көк қолғаптар
7.8	Иммобилизациялық шиналар
7.9	Бір рет пайдаланылатын шприц
7.10	Инсулин шприци
7.11	Бір рет пайдаланылатын көктамырға енгізетін инфузияға арналған жүйе
7.12	Бір рет пайдаланылатын "көбелек" көктамырға енгізетін инфузияға арналған жүйе
7.13	Сыртқы аппликациялық гемостатикалық заттар
7.14	Тейптер
7.15	Химиялық реагенттер

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК